



“ХАЛҚЫМНЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕ ЖҮРГЕН АДАММЫН” Асыл аға Әбубәкір Тыныбаев осылай деуші еді сыр бөліскенде

Осы есімнің арғы астарында қаншама тарих, ғаламат хикаят, уыздай дәмді естелік жатқанын өзге жүргіт білмесе де өзім білемін. Ол кісі сары толқынын ығыстырып аққан Сырдария өзенінің жағасына орын тепкен шағын қалашық – Қазалыда дуниеге келіп, жоғары оқуға түсіп, су маманы болды, партия мектебінде оқыды, өз заманының озық ойлы, еңсесі биік адамы еді. Оймақтай шағын қалашықта туып-өсіп, қазақы отбасының тәрбиесін алып, қызмет сатысымен биіктей-биіктей, бір елдің дуалы ауыз, мандайына ұстаган кісісі болып, қазақша айтсақ, тасы өрге домалады. Заманының адамы атанды.

Мына жүрген біз де кеңестік дәуірдің дәм-тұзын таттық, партия лидерлері илеген терінің пүшпағын біз де бірге илесіп, бұйырған, жүктеген қызметін істедік. О заманда жоғарғы жақтың пәрменіне қиғаш пікір айту, мәртебелі лауазым иелерінің “өкшесі қысық” деу күпірлік саналатын. Көбіміз ештеңеге “мәу” демей, құлдық ұрып, бас шұлғып, орындаушы рөлінде жүретінбіз.

Осы қатып қалған канон-қағиданы, тар шенберді Әбубәкір Тыныбаев ағамыз қалай ғана бұза алды? Тар шенберден қалайша ақыық қыранша атылып шықты?.. Сол кездегі Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлының көзіне несімен түсті?.. Қарағанда бас айналғандай билік иерархиясының мұзарт шынына қалай ғана баспалдақ қоя білді?.. Кешегі кеңестік дәуірде қарапайым қазақы отбасынан шығып, мемлекеттік дәрежедегі ірі тұлғаға айналуының сыры неде деп көп ойладым. Көлденендерген көп сауалға іштей жауап іздедім. Бір сауалды қозғасаң – арғы жағынан жұз сауал көк шөптей қаулап шығады.

Тапқан секілдімін. Көptен бері көкейде қоздаған сол ойымды сабактасам деймін.

Ол кезде Талдықорған мемлекеттік педагогикалық институтының ректорымын, кунделікті шәкірт тәрбиесі, ғылым жолына шам алып тұсу, қазақы тәрбиені қазық етіп уағыз айту уақытты көп алатыны мәлім.

Бір ойым айтады – облыс басшысымен тізе түйістіріп отырып сөйлесіп шықсам деймін. Ел керуенінің бас жібін ұстап жүрген ағалармен таныса журу ғанибет нәрсе. Жыл он екі ай қуйіп жататын шаруаға кедергі болмайын деп тағы тосыласың.

Бір күні: “Сізді қабылдайды” деген хабар жетті. Облыс басшысына жолығуға жиналдым. Құрқол жетіп бару тағы ыңғайсыз. Мейіздей сары қарағайдан келістіріп жасаған домбырамды қолтықтап облыстық партия комитетінің үйіне жеттім. Көп ұзамай қабылдауға ендім. Орта бойлы, мығым денелі, көз жанары жанып тұрған шырақтай Әбубәкір ағамыз жарқылдан қарсы алды. Алғашында қолымдағыны көріп тосылынқырап қалды.

– Өзің тартасың ба?

– Аздап шертемін, әйтсе де сіздің алдыңызға домбыра шерту үшін емес, зергер ұста жасаған аспапты өзіңізге сыйлау үшін әкелдім!

Әбекен оң қолының салалы саусактарымен сүйкі шашын шалқайта тараптарап жіберді. Әлденеге тосылып қалды. Бөлмеде жан баласы болмаса да маңайына байыппен қарап алды.

- Мына жүрт “облыс басшысы тарту-таралғы алады” деп сөз ғып жүрмей ме.
- Ата-бабамыздың айтқан сөзін білетін шығарсыз, Әбеке!
- Ол не сөз?
- Бабаларымыз: “Берген мырза емес, алған мырза” деген. Ең әуелі алғанның артындағы салмағын ойлаған.
- Тауып кеттің, інім, – деп Әбекен домбыраны алдына сұлата салып бар денесімен селкілдей күлді.

Асыл ағаның құлғені қандай ерекше! Таудан тас құлап келе жатқандай, я болмаса тас бұлақтың жер астынан бұрқылдап қайнап шыққанындей — барынша ықыласты, дүниеге ынтық құлқі осындай-ақ болар деп ойладым. Домбыраны әредік шертіп қойып әңгіме тиегін ағытты дерсің. Университеттің жай-күйі, студенттердің үш уақыт тамағы, жатын жері... түгел тілге тиек болды. Сосын жағалап Ілияс Жансүгіров атындағы облыстық тарихи өлкетану музейі, Кербұлақтағы Шоқан Үәлихановтың мемориалдық қорық-мұражайына ойысып, біраз сырын бүкпесіз жайып салды. Әрәдік жазық мандайын әжім жолағы сзызып, көз жанары тереңге шөгіп ой теңізінде малтыды.

Қараймын да ойлаймын.

“Қазақтың қай жеріне ат ізін салсан-дағы тұнып тұрған тарих, қарияларының көкірегі көмбе, мына белдің астында Мамания мектебінің қираған орны жатыр, ана Ақсу бойында Ілияс, Сара, Әсет жыр маржанын шашу еткен жайлау төрі көз тартады. Жетісудың аты анызға айналған батырлары мен шешендерінің ізі әлі күнге сайрап жатыр. Жинаймын, зерттеймін деген тарихшыға таптырмайтын тақырып жетерлік..” Әңгіме арнасы ойысып осы күнге тартып бара жатады. “Қызылша мен астықтан рекордтық өнім жинап, еңбекшінің тасын өрге домалатқан Зылиха Тамшыбаева, ұжымдық бейнеттің бұлақ көзін ашқан жаңашыл Нұрмолда Алдабергенов заманына сай туған адамдар ғой”, – деп тамсанып отырып қалады. Қуанған кезде – жүрегі жарылғандай болып жарқырап кететін; көңілі қалса – жабы аттай жерге қарап тұралап қалатын. О, жарықтық-ай десенші! “Бір ауданға барсаң – басшысы қуырдақ болып, өрт шалғандай болып жатады; ал Панфиловқа барсаң – бәрі мамыражай, айқай-шусыз-ақ егіні жиналып, малы жайланаپ жатады.

Осының бәрі шаруаның көзін тауып істеуден, ана үйғыр Имар Біләлов, екі мәрте Еңбек Ері Николай Никитич Головацкий, қазақ Ыбырайым Қожахметов еңбек жолының бір-бір академигі ғой”, – деп жақсы адамдар туралы дестелеп жыр оқығандай болатын.

Осы тұста Әбекенмен беттескен өмірімдегі екі детальды еске тұсіріп өтейін. Ол кісі Талдықорған обкомының бірінші хатшысы болып беки салысымен астынан су шыққан кісідей, “сушылық аруағы қозып”, облыс орталығынан су мамандарын даярлайтын техникум ашамын деп тау қопарғандай болып жүрді. Окушыларға деп жатақхана, оку корпусын, технопарк салды. Эне-міне техникумды ашамыз деп жатты. Ал менің өз мұңым өзімде. Институт

бітірушілердің көбі қыздар, соңғы курста-ақ я түрмисқа шығып кетеді, я отбасылық жағдайымен басқа кәсіпке ауысады: әйтеуір жер-жерде үнемі мұғалім жетіспейді. Күн қайда бұрылса – жүзін шуақа төсейтін құнбағыс секілді кілең қыздарды оқытып пәтуа таппаспын, оларға серік ер балаларды да тартайын деген оймен институттан әскери дене тәрбиесі факультетін аштым. Ығай ма сығай бозбастарға жатакхана қажет. Бір түнде Алматыға ат ізін салып, Министрлер Қенесінің төрағасына жолықтым. “Осылай да осылай, ер балаларды тұрақтандыру амалын жасап, жаңа факультет аштым, соған мекен-жай қажет”, – дедім. Қойши, әйтеуір сөзімді өткізіп, облыс басшысы алашапқынмен салып біткен, техникумға деген мекен-жайды солайымен институтқа алатын болып, қаулы шығартып алдым. Ертесіне: “Обком шақырып жатыр” деген ұлы дүбір жетті. Әбекен бюро мүшелерін түгел жинап алыпты, жанартауша бұрқылдасын кеп.

– Бұл не деген сүмдүк? Су жаңа ғимаратты солайымен өзіне қаратып алыпты! Обкоммен неге ақылдаспайсың?! Біліп отырмын сенің кімге барғаныңды! Жолдастар, мына Жолдасбеков қаланың тен жартысын алып болды. Бір күні бізді де қуып шығар мына сыңайымен! – деп әй, бұрқылдасын.

Үндемеймін. Әр кезде даусымды бәсендетіп:

– Білмеймін, Әбеке, – деймін күмілжіп.

Жарықтық жан-жағына оқыранып қараушы еді. Қайтымы тез болатын.

Қайнап-қайнап алып сүнайын деді.

– Болар іс болды. Жігіттерді әкелсе – қыздар ешқайда қашып кетпейді деп елдің жайын ойлап отыр ғой бұл жігітіміз. Жазаламай-ақ жіберейік, – деді де қарқылдап күліп алды. – Әй, Мырзатай, ер екенсін, мына ағанды тақырға отырғыздың! Бұдан былай бұлдіретін болсаң – айтып бұлдір...

Есімде қалған екінші деталь төмендегіше.

Күзгі шаруаға студенттер бір ай көмектессін деген үкіметтің қаулысы бар. Күзге салым студенттерді толық бір ай жұмыс істеткізіп, отыз бірінші күні 17 автобуспен түгел жинап алып кеттім. Сабағынан қалмасын деген ойым.

Ертесіне: “Обком шақырып жатыр”, деген дүмпу шықты. Қобалжыған көңіл күймен жеткенім сол. Қауіп ойлағаным бекер болмады. Әбекен сүмек боп терлеп, күйген терідей тырысып қарсы алды.

– Обком не бітіріп отыр бұл жерде? Жүгері жинаусыз қалатын болды! – деп шарасыз күйге түсіп, кос қолын қанатша жайып, сұрланып отырып қалды.

– Жүгері кеш пісіп, балалар босқа жатты. Өткен жылы қырық бес күн істеген. Әбеке, жүгерішілер еңбеккеш халық қой, бірдене қылып жинап алар. Білім сонынан шам алып түскен студенттерді қинамайық!

Ағамыз атылып тұрып, бөлмені кезіп кетеді. Аударылып-төңкеріліп жүретін. Аударылып-төңкеріліп қасыма келді. Қайтымы тез, кегі жоқ адам еді. Қолын бір-ақ сілтеді.

– Бір ауданға барсан – басшысы аттан салып, өліп-тіріліп жатады. Тындырып жатқан тірлігі жоқ! Бір ауданға барсан – жайма-шуақ, қырылмай-ақ шаруасы онынан онғарылады. Бәрі адамына байланысты. Сенің айтқан ақылының аулына көрші қондым ендеши!.. Осы сен әр ауылдан елде жоқ экспонат

таптым дейтін көрінесің. Осының сырын айтшы, – деп қасыма кеп тізе бүгеді.

Өз басым сыр сандықтың кілтін қалай бұрағанымды білмей қаламын. Жайылып түсемін. Ел-елді аралап, сұрау салып жүріп тапқан ұлы күйші Бақтыбайдың домбырасын, Молықбайдың қобызын, “Біржан мен Сара” операсын жазған Төлебаевтың құйсандығын қалай тапқанымды жыр қылып айтамын. Облыс орталығындағы Ілияс Жансүгіров атындағы тарихи-өлкетану музейінің жауһар жәдігеріне айналып жатқан әлгідей ғажайып аспаптың қасиетін термелеп кетемін.

– Тоқта, тоқта! Осы әңгіменді женгеңнің күрең шайы үстінде айтып бер! Бұл бір жайланаңып отырып тыңдайтын көшелі сөз еken. Кешқұрым үйге кел, – деп басы бітпестей көрінген ұлы даumen ушығып басталған әңгімеміздің аяғы ағалы-інідей сыр бөлісуге ойысқаны ғажайып.

Оқшырайып осы отырысында кешқұрым ауыл сыртына шығып, дөң басына малдас құрып, арғы-бергіге ой жіберген ақылгөй қарияны елестетеді.

Бұрындары байқамай жүреді екем. Сөйлеп кетсе – күмбірлеген шешен, ой сабактаса – таусылмайтын көсем. Бір биіктің бәйтерегіндегі, басына бұлт қондырып, бұтағын шайқап, жапырағын жамыратып, домбыраны “дың” шертіп отырысы ғажайып! Қансонарда баптап аңға салар бүркітке келеді. Іштей лұпілдеп: “Болсаң – бол, ағатайым”, – деймін.

Бұрындары, коммунистік партияның дүрілдеп тұрған рупоры – айқайшысы, я болмаса көп ұраншылдың бірі ме деп ойлап жүргем. Жаңа ғана түсінген сыңайлымын. Әбекенді осынша биікке көтерген, ел көзіне түсірген ешқандай мәртебелі билік басындағының я кол созуы, я демеуі емес. Керісінше, Әбекенді өрге сүйреген бойындағы жүрек оты, тас қайрақтай шапшаш сөйлеп, жедел ойлап, не қыннан жол тауып шыға алатын алғыр мінезі, қыннан тайсалмайтын біrbеткейлігі, беріктігі еken-ay. Ұршықтай үйірілген шымыр тұлғаның бойында бөтен көзге білінбейтін, басқаға көрінбейтін жанартау жатыр. Сол жанартау әшейінде тұтанбасын деңіз! Әбекен бойындағы от жанартау тұтанса-ақ, маңайына ыстық ықылас, сұмдық серпіліс, ірі жүріс, тосын әрекет туғызыарын со кездегі ел басшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев қапысыз сезген секілді.

Сезген соң – сенген. Ел тізгінін қолына берген.

– Ал қош боп тұр, бауырым, – дегенде барып ой ұйығынан оқыс жүлқынып шыққандай боламын.

– Нендей қындық кезіксе де қорықпа, именбей алдыма келіп тұр!

Қайран Әбекен. Алды кең, асыл ағалар!

Көп күттірмей Талдықорған төріндегі үлкен тарихи өлкетану мұражайы күрделі жөндеуге жабылды. Жөндеу аяқтала бере өзімді музей директоры жиі-жіі шақырып, көрмелік жәдігерлерді қалай орналастырса, жарқырап ашыла түсетінін, я болмаса әр бөлімді қай дәуірден бастау керектігін сұрап “желкемде тұратын ауру” тапты. Жаз басында Кербұлақ ауданының Алтынемел қойнауына орын тепкен Шоқан Уәлиханов мемориалдық кешеніне зергер ұсталар, тас қалаушылар төбе көрсетті. Абайлап қарасақ: ғалым мұрдесінің басына орнатылған мәрмәр кесене құзданып, әр тұсына

сызат түсіп, құлауға қалыпты. Үлкен кесенені түгелімен бұзып, қайта салмаса жеңіл-желпі сылап-сыйпаumen іс бітетін емес. Кесенеге ірі сәулеткерлік жоба сзылды. Гүлге қонған бал арасында мамандар шақырылып, ұсталар жалданды. Бал омартасында құжынаған қомақты шаруа басталып кетті.

Үлкен шаруаның басында аттан түспей үлкен ағамыз жүрді.

Кейінше сұрап байқасам: облыстық мұражайды, Шоқан кесенесін қайта қалына келтіріп, жауһар жәдігерлерді қайыра орналастыру кезінде жергілікті басшыларға: “Ана Жолдасбековті бас кеңесші қылып алындар, кеңес сұрандар!” – деп нұсқау берген Әбубәкір ағамыз екен. Бұл сырды дүбірлеген шаруаның басы кусырылып қалғанда барып білдім. Кейінірек кездейсок ұшырасып қалғанда: “Мырзатай, елге жасаған қызметінді ешқашан “осыны жасадым” деп бұлдама, бәсінді арттырма! Жасаған жақсылық ешқашан текке кетпейді, жүрттың көзінде жүреді, көнілінде сақталады” деген сөзі, сірә, жадымнан жуылмайды.

Мен білетін Әбекең ешқашан “мынаны бітірдім!.. осыны тындырдым!..” деп мақтанбайтын. Ешкімнен мәртебе, мадақ дәметпейтін. Бейне, мына жарық дүниеге жүртқа жақсылық жасау үшін, халқының бір жағына шығу үшін келген пайғамбар пішіндес, қарапайым, кеңқолтық, көнбіс, қындықтан бойын тартпайтын ағамыз еді. Өзінен кейінгі інілеріне қындықты жеңе білуді, жеңе жүріп шаруа тындыруды үйретті. Бейнеттің бәйгеторысы бола білді.

Осы күні күнді түнге, түнді күнге ұластырып шұғыл шаруаға жегілсем, ойда жоқта төбеден тас түскендей қындыққа сүрісем, қиналсам, қапалансам, мазалансам – көз алдымға өмірімнің керуенінде ұшырасқан, қадау-қадау қарауыл ағаштай алыстан шалынатын ағаларым елестейді. Барша болмысымен шыр-көбелек айналып көз алдымға кеп тұра қалады-ай!

Бейсенбай Кенжебаев, Шахмет Құсайынов, Есмағамбет Исмайылов, Әбубәкір Тыныбаев, Өзбекәлі Жәнібеков, Әbdілда Тәжібаев, Өмірбек Жолдасбеков... бұл тізімді созып кете беруге болады. Есімі аузыма түспей қалған ағаларымның аруағынан кешірім сұраймын, әрине! Бұл кісілердің: “Мынауың қалай?.. неге олай!..” – деген ешбір кейісті сөзін естімеппін, қабак шытқанын көрмеппін. Ылғи бір жағы ағалық назы, бір жағы анқылдаған мінезі – қос қолтығымнан көтеріп қанаттандыруға, үлкен іске жұмылдыруға бола жаратылғандай көрінетіні керемет енді.

Әлгіде “жақсылыққа бола жаратылған” деуімнің мәнісі – Қаратаудай Әбубәкір Тыныбаевтың өзім білетін үш түрлі мінез қырын осы тұста айрықша атап өткім келеді.

Бірінші: ол кісі әрдайым үлкен бір сенімнің жетегінде жүретін. Бүгін болмаған істі ертең болдырам дейтін. Бүгін қабырғасы сөгілгендей болып қатты қиналса, өз ішіне өзі үңіліп, өзіне-өзі әлеуетті түрде жігер беріп, қайрауы келіскең қыльштай сезініп: “Жоқ, бұл қындықты көп ұзамай жеңемін”, – дейтін. “Бүгінгі шалыс басу, сәтсіздік ертең-ақ жылыстап артта қалады, қосқан атым әлі-ақ бәйгеден бірінші келеді”, – деп өзін-өзі қамшылауы сойқан еді.

Өз басым іштей сеземін: сол кездегі коммунистік идеологияға жан-тәнімен беріліп, дүниені ұмытып жұмыс жасайтын. Арғы-бергі данышпан адамдардың кітабын көп оқитын. Көп ізденетін. Маркстің сол кезеңде жаңадан қазақшаға аударылып шыққан “Капиталын” қолтықташ жүргенін көргенім бар. Расында ғой... қазіргі жастар көбіне бір нәрсені елеп, ескере бермейді. Маркстің өндіріс ошағы және капитал айналымы туралы сол кездегі жасаған схемасы осы қунге дейін жақыт тасындаш жарқырап, күшін жоймай, керісінше, әulettenе түсіп, есеп-қисап әлемінде сәуле шаша жол сілтеп тұрғаны баршаға мәлім. Кітаптағы “Өндірістен – өндіріс көзіне”, “Өндірістен – тұтыну ошағына” деген тараулары үшінші мыңжылдыққа тосын серпінмен әрі тың, әрі айтулы жаңалықтарға жол ашты. Экономикалық теорияның бұлақ көзіне айналғаны сонша, Франсуа Кенэнің “Экономикалық таблицасы” шықты, Огюст Курноның дифференциалдық теңдеулеріне жол ашты, орыс экономисті В.К.Дмитриевтің “Толық шығын матрицасы туралы” атты ғажайып жаңалығын туғызды; одан бөлініп экономикадан Нобельдік сыйлықтың лауреаты В.В.Леонтьевтің матрицасы келді дүниеге.

Сонда деймін ғой, не нәрсе болсын, Әбубекір ағамыз мәселенің бетінен қалқымағын, тереңіне бойлайтын. “Жемшілік кімде болмайды!.. кім жаза баспайды!.. әйтсе де кешегі дүниелік төңкерістер туғызған, көзқарасқа төңкеріс жасаған данышпандар бекер қағаз шимайлаған жоқ, өркениеттің көшін түзеп жіберу жолындағы қым-қиғаш ізденістердің қым-қиғаш сүрлеу-соқпағы осы ғой”, – деп аузымен құс ұстаған білімпаздың өзін бұлтартпас логикамен тоқтатып тастайтын.

Жоғарыда айтқан заманынан біршама оза туған, не нәрсеге болсын көкірек көзімен қарайтын ойдың, идеяның адамы деуіміз содан.

Облыстық партия комитетін басқарып жүргенде, су шаруашылығы министрі болғанда, ешқашан бір мәселе төңірегінде, я тығырыққа тірелгенде – екіүдай ой, я күдік пен көлеңкенің жетегінде кетпейтін. Астамшылық сезімге тізгін бермейтін. Элгі күдік пен көлеңкені сақы адамша серпіп тастап, альпинистерше тырмыса түсетін. Осының бәрінде ірі тұлғаны ілгері жылжытушы құш – өзіне деген айтып болмас сенімі еді. Көкірегінен сәулелі, шапағатты сенімі сарқылмайтын. Серігі сенім еді.

Несіне жасырамыз, еліміздің 70 пайыздан астам аумағы шөлді және шөлейт жерлер болып келеді. Кілең адам тұрып болмайтын аңызақ аптабы мол, құмы сусыған сүрқай өнір. Қалған 30 пайыз жердің өзін егін егіп, мал жайылатындағы етіп, суармалы, әрі жартылай суармалы жағдайға жеткізген ләзім. Қазақстанның болашағы үшін бұл ең ауыр, әрі “Алла разы болсыны кем” қын шаруа. Өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап осы күйіп тұрған шаруаның басы-қасында білікті маман, қындықтан беті қайтпайтын қажырлы азаматтар қызмет жасады. Солардың бел ортасында Әбубекір Элиұлы жүрді.

Әбекенің есімізде қалған екінші мінез қыры – ұлтжандылығы. Бір басына адалдығы, аңқаулығы жетерлік, өзім дегенге өзегін сұрып беретін. Барынша кенқолтық, барынша қарапайым қазақты ет жүргімен езіліп жақсы көруші еді. Сөйлесе кетсе: “Бұл қазаққа сұы мол, шүйгіні шұрайлы, мәйегінен майы

шыққан жер бұйырмадан ғой”, – дейтін. “Соған қарамастан кешегі соғыс жылдары, ашаршылықта жер ауып келген қаншама бөтен халықты қойнына алды, төріне шығарды, несібе-ырзығын бөлісіп жеді, мұндай мейірімді халықты әлемнен шам алып іздесең де таба алмассың”, – деп тамсанып отыратын. Сөзінің аяғында күрсінгендей сыңай танытып: “Осының өзі жақсы, барынша кеңколтық, майлық-сұлығы бірдей, қажырлы халықтың қызметінде жүргенімді әрдайым өзіме бақыт санаймын”, – деп одан әрі шаш етек шаруасына жегіліп кетуші еді.

Әбекенің елден ерек, айрықша бөлек үшінші мінезі, қазақша ойласақ, бетегеден биік, жусаннан аласа дегендей, қарапайымдылығы еді. Бәйгеторы жабы аттай алға шығып көзге түсе бермейтін. Мінбеге көп шықпайтын. Оза шабуға асықпайтын. Көвшіліктің жұмысы десе – жанып істейтін.

Судың, су шаруашылығының қиқуы, бейне, өмірі дөңгеленіп бітпейтін мәңгі двигатель секілді, бірде бөген бұзылады, келесіде тоспа қирайды, үшіншіде егінге су жетпей шөлде қалады. Ол кезгінің айқайы жер жарады. Әсіресе партияның тоқпағы күшті, бір бюроға салғанының өзі өмір-өміріңе жетеді. Қазір шулап маңайында жүрген жәркеленші топ бір қарасаң, күнбағысша бетін бұрып әкеткенін кеш түсінесің.

Салиқалы мәслихат кезінде маман сұшы, баяғы “Главриссовхозстройдың” дүрілдеген бас директоры Эрих Христафорович Гукасов және өзінің жерлесі, көп жылдар партияда тізе қосып бірге істеген қанаттасы Дәуірхан Айдаров айттар еді: “Әбекен ешкімге дауыс көтермейтін, бұлініп, төңкеріліп бара жатқан шаруа жайын көрген мезетте қап-қара болып тутігіп кететін. Тегі болмай бара жатса, білек сыбанып өзі кірісіп кететін. Майлық-сұлығы бірдей еді”, – дейді.

“Жұртқа айқайлап, ойбайлап, он аурамды шығындалп шаршағанша, тыныш қана өзім тындыра салғаным жақсы”, – дейді еken. “Мисыз маман мың салсаң бір баспайтын текежәумет секілді, одан да барша қыын шаруаның жел жағында, он тілеумен өзім жүріп бітіре салғаным жақсы, текежәуметпен тіресіп немді алғаным”, – дейтін барша денесімен селкілдей күліп.

Осы тұста асыл ағамыз туралы қызметтес болған, көз көрген абыз ағалардың Әбекен туралы бірер ауыз айтқан естелігін келтіре кетудің орайы келіп тұр. Әбубәкір Әлиұлының ұстазы, көп жылғы қанаттас серігі Бәйкен Әшімұлы төмендегіше тебіренеді: “Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Талдықорған облыстарының суармалы жерінде, атызы мен арығында Әбубәкір Әлиұлының ізі қалды десек, асырып айтқанымыз емес. Аса еңбекқор болатын. Мінезге бай азамат еді. Осы қазір көріп жүрміз: көп кісілер бірер тілдескеннен кейін түгесіліп қалады, түбі тесілген шелек секілді. Құрданғырайды, сусыныңды қандырмайды. Әбубәкір жай сөйлеп-ақ жеріне жеткізе айтатын. Бейне кемері толып, толқып жатқан шырайы ашық көл секілді – сырласқан үстіне сырласа бергің келетін...”

Сағидолла Құбашұлы айтады: “Тыныбаев туралы қалың естелік кітапты ерінбей отырып оқып шықтым, Қазақстанның су шаруашылығының тарихы секілді, аса қызық жазылышты. Тірі сөзі көп. Ең ғанибеті – Тыныбаев қайраткер еді. Осы күні бірер кітап шығарып, оппозицияға қосылып, екі-үш

жерде даурығып сөйлеп, депутат сауалнамасы арқылы екі-үш мәселені көтерген кісіні “қайраткер” дейтін болыптыз. Істің нәтижесін ойламаймыз. Шын қайраткер шындық үшін күйіп-жанады. Халықтың көкейінде ондаған, жүздеген жылдар бойы қордаланып келген мәселені жанартау секілді барша қызыымен жарық дүниеге жарқ еткізіп шығарады. Өз басын елінің мұддесі үшін уақыт айбалтасының астына дөңбекке төсей біледі. Міне, осындай кіслерді ғана қайраткер деуіміз керек.

Тыныбаев уақтысында Сырдың сұындағы толқыны білінбей, терең ағыспен ақса да, айқайlamай, данқ куып, дабыраламай, ұлтының сөзін сөйлеп өтті. Қын шаруаның жел жағында жүрді. Әрдайым жанымен күйіп істеді, уақытпен санаспай сауышылығын құрбан етіп, маңдай терін мың сыптырып еңбек етті. Нағыз қайраткердің мінезін танытты”.

Жазушы Әbdіjәmіл Нұрпейісов: “Қызылорданың балшығы мен батпағы жетеді, алғаш көрген кезімде – аяғында керзі етік, үстінде әлем-жәлем кенеп плащ, сушылардың арасында, солармен бірге түнеп, бірге тамақтанып жургенін көріп таң қалғанмын. Кейінше ағалы-інідей болып кеттік. Ішіне пиғыл сақтамайтын бала секілді, арғы жағы мен бергі жағы жайып тастаған кітаптай жайсаң жігіт еді. “Ішімдегіні тап” деп тұратын ішмерез адамдар көбіне бас пайдасынан аспайды, кісіге көлеңкесі түспейді, қара басынан артылмайды. Ал Әбубәкірдің ішкі серіппесі мықты, сіз-бізге жақсы, жаны ашық даңғыл кісі болатын. Сол бейнесі әлі күнге көз алдымда...”

Роза Бағланова былай дейді: “Дүние жалған, сары алтыным ғой ол менің! Алтынның қолда барда қадірін білмей жүріп айрылып қалдық. Арамыздан ерте кетті. Алланың ісіне шара жоқ. Сары алтыным еске түссе – сағыныштан сарғайып отырып қаламын”.

Белгілі су маманы, еліміздің маңдайлалды азаматтарының бірі Нариман Қыпшақбаев төмендегіше тебіренеді: “Өз басым Әбекенмен 1974-1976 жылдары істес болдым. Ол кісі министр, мен орынбасарымын. 1976 жылы Арап өнірінде аса ауыр қуанышылық болды. Теніздеңі барша тірі жәндік – балықтар тұшы су іздел, аласұрып, Сырдария мен Амударияның ағысына қарсы жүзіп, қырылып жатты. Судың мұндай төмендеуі кейінгі жүзжылдықта тарихта болмаған екен. Сол жылы Қызылорда облысында 25 мың га. күрішке су жетпей, күйіп кетті. Министр Әбекеннің өзі де қап-қара боп түтігіп күйіп журді... күйіп сөйледі... жанып істеді... Азаматтың жаны ел мен жерінің “жанымен” бірге екенін сол жолы сездім. 1976-шы жылдан кейін теңізде қармаққа шаншып алар балық қалмады, бәрі көз алдымында опат болды. Әбекеннің сол жылым сауышылығына сызат түсті”.

Осы кезде кештерде, жиындарда қазактың өлісі бар, тірісі бар – өтірік мақтау етек алып барады. “Е, кім түкпірлеп тексеріп жатыр, тисе терекке, тимесе бұтаққа деп мақтай берелік”, – деп қыздырма сөзді көп айтамыз. Мұндайда нағыз шындық қаға беріс қала береді, мәнді, нәрлі сөз шықпайды.

Американың классигі Уильям Фолкнер айтқан сөз бар: “Данқ сұлу бикеш секілді. Қабағына қарап, өліп-өшіп ұмтылған сайын уысына түспей, қашқақтай береді. Ал сол бикешке соншалық құмартпай-ақ бойынды салқын үстасаң – бұратылып жетіп келеді”. Сол айтқандай, данқ пен дақпыртқа бой

алдырмай, табиғи мінез қалпын еш өзгертпей, өзі білетін шындықты айтып, өзі межелеген биікке шығып өткен биік тұлға – Әбекен.

Бұл мақаламызда да көтеріңкі сөз, басы артық детальдің жоқтығы – кейіпкеріміздің бейнесінен шығып жатыр.

Жарық дүниеге келген адам әуелі өзі үшін өмір сүреді. Ер жетеді, он-солын таниды. Кемеліне келген соң қоғамына көлеңкесін түсіреді. Бойындағы қажыр-қайратын ізгілікке жүмсайды. Шөлдегенге су береді, қатыгезді мейірімімен жібітеді, қаны сұйық қаныпезерді жарық сәулеге жетелейді.

Имандылық жолы деген осы болар, сірә. Өстіп жүріп кісі елдің көзіне түседі, тұлғага айналады. Жеке ғұмырдың тарихы – қауымның, елдің тарихына ұласады. Жоғарыда тілге тиек болған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев, Бәйкен Әшімұлы, Роза Бағланова, осы мына Әбубекір Тыныбаев тәуелсіз мемлекетіміздің кейінгі ұрпаққа үлгі етіп ұсынар бір-бір тарихи кейіпкерлері.

Өмір бәйге атының жарысындай. Тіршілікте кімнің озып, кімнің қалғанын біле алмаймыз.

Данғазашылар, дабырашылар, қиқушылар, қағаз жолбарыстар, ұргөппелер көбейген заманда кімнің кім екенін айыру қыын. Тұптің-тұбінде дүние тіршілігінің таразысы күтеді дейтініміз содан шығар, сірә. Асыл ағамызды еске алғанда – пәлен қызметте істеді, мәртебелі лауазымды иленді дегеннен гөрі: жоғарыда тілге тиек болған Сырдария бойындағы Қазалы бөгені, Жалағаш каналы, тұстігіміздегі Арыс-Түркістан каналы, Жетісу өніріндегі жаңадан шаңырақ көтерген сан-салалы шаруашылықтар, Үлкен Алматы каналы, айта берсе – таусылмайтын су иесі – Сүлейменнің сүлей істері көз алдымыздан еш жуылмайды. Қадау-қадау біткен іс болып ел игілігіне айналды. Дүние тіршілігінің таразысын басатын иманды шаруа осы болар, сірә.

Патша көңіл жүрек төрінде жүретін патшаларды іздейді.

Өмірде сабактастық деген болады. Тарих сабактастығы, ұрпақ сабактастығы, пікір-ой сабактастығы. Асыл ағаларымызды еске алған кезде осы ұрпақ сабактастығының үзілмей жалғасып келе жатқандығына әрі қуанамыз, әрі мактанамыз. Әбекенің үлкені ұл, есімі Нәби. Қалғандары Мариэтта, Бибіайша, Маргарита, Марина, Маркизетта есімді қыздар болып келеді. Бір қызығы ағамыз ұлдан туған ұл немересі – Оралды өз атына жаздырып алған. “Орал Әбубекір” есімді азамат... Алматыға оралып, оқу министрі қызметінде журген кезім. Әбекен алдыма келді.

Кең кабинетке ілесе кірген кішкентай баланы нұскап тұрып айтқаны.

– Мырзатай, мынау Нәбидің баласы емес, менің балам, інің болады, Атымды жалғастырып жүр, есімі Орал. Осыны мықты бір оқуға түсір! Ағаның меселін жықпай қол ұшын жалғап дегендей, 1992 жылы Алматы мемлекеттік университетінің халықаралық қатынастар факультетіне түсүіне септігім тиді. Жылдар жылжып өте берді... 1997 жылы Ирандағы елшілік қызметтен оралып, Алматыда дипломатиялық академия ашқан кезім. Әбекен алдыма тағы келді.

– Мырзатай, Оралжанымды академияца қабылда. Сен секілді еліміздің мандайына ұстаған елшісі болып шықсын!

Баланың айы онынан туып, ол академияны да қызыл дипломмен бітіріп шықты. Көп ұзамай Ұлыбританияға, елшілік аппаратына, қызметке қабылданды. Мына қызыққа қараңыз!.. Өзім де 2003 жылы тұңғыш немерем Әлішерді өз атыма жаздырып, “Әлішер Мырзатай” есімін берген едім. Өсе келе орта мектеп оқуын Англияда жалғастыратын болды. Алыс жолға шығарда баламды шақырып алып, кеңес құрдық. “Қазақстанның Ұлыбританиядағы елшілігінде Орал есімді жігіт істейді, барған бойда іздел тауып ал. Бөтен жерде өзіне бас-көз болып жүрсін”, — деп балама батамды бердім. Әлішерім ағылшын жеріне аяғы тиісімен Оралды іздел тауып алады. Өзі Лондоннан он шақырым жердегі Гастингс қаласында оқып жүреді. Орал өз пәтерінің бір кілтін балама беріп қойыпты. “Оқу бітіргеніңше ешқайдан пәтер іздемей, қасымда бол”, — деп ағасындай қамқор болады. Кейінгіні көріп қартаясың. Бұл күнде Орал Әбубекір Қазақстанның Ұлыбританиядағы елшілігінде бірінші хатшы болып істейді, ал менің Әлішерім – МГУ-дің Астанадағы филиалының экономика факультетінде оқып жүр. Екеуі бір-бірімен ағылшын тілінде хат жазысып тұратын көрінеді. Жібек жіппен есілген ботаның бүйдасындағы үзілмей жалғасып келе жатқан ұрпақ жалғастығы деген осы емес пе?! Осы оқигалар еске түссе-ақ жүрегім елжіреп, уыздың дәмін алғандай ғажайып бір кепке енемін. Тарих деген естелігімен қызық!

Откен ғасырдың 20-шы жылдарында “Бұрынғының бәрін тарих саҳнасынан сыптырып тастанап, өнерді де, өмірді де қайта бастаймыз, дүниені төңкерген пролеткультті дәүірлемеміз!” деген декаденттер шыққаны белгілі.

Тәуелсіздігіміздің берік әрі бұлжымайтын ақыятқа табан тірегені – осы әуейі философиядан әу бастан бойымызды аулақ ұстап, ағалар жүріп өткен сара жолдан адаспағанымыз дер едім.

Откеннің өнегесін ұлғі тұта жүріп, шарқ ұрып жаңаңың биігіне ұмтылдық. Табанымыз тайып кеткен жоқ. Іншалла, адастырмаған әлгі ағалардың игілікті ісі, абыз ақылы, нұр сәулелі бейнелері болар, сірә. Сол бейненің бірі әрі бірегейі Әбекен. 2007 жылғы Президент Жолдауында дәп осы сабактастық философиясы қадап айтылғаны қайран қалдырады.

Адаспайтын, адастырмаітын ағалар ісінің жалғасын тауып жатқандығы, мынасы біздер құйған тәуелсіздік іргетасының берік құрылғандығы қоңілге тоқтық ұялатады. Откеннің бәрін сыптырып тастанмыз, баршасын қайта жасаймыз, қатырамыз дейтін ұмытшақ ұрпақ емеспіз.

Алды кең ағалардың қолына су құйып өстік. Ақылын тындағық, іншалла, жаман болғанымыз жоқ. Ілгергі тілеумен тәуелсіздіктің таңын атырдық, әлі де алар асуымыз, шығар биігіміз алда. Болдық, толдық демейміз. Сабыр сақтап алды-артымызға қараймыз.

Тәуелсіздіктің керуенін жүргізіп жіберген Президенттің бір ісіне жарасақ дейміз. “Атадан ұл туса игі” деген мәтелдің өмірдегі көрінісі осы болып елестейді.

Дүниеге келген әр адамның сонынан ұлкенді-кішілі іс қалады. Біреу перзент қалдырады, келесісі үй салады, үшіншісі сөз қалдырады.

Әлі есімде, Тыныбаев су шаруашылығы министрі болған жылдары Дінмұхаммед ағамыз бастап, осы Әбубекір ағамыз қоштап, Алматы қаласын шығыстан батысқа көктеп өтетін Үлкен Алматы каналының құрылышы басталды. Алматыда жүйелі суармалы жер жоқ. Барлық су таудан қар ерісе келеді, қар кетсе кетеді. Қаланың маңайы көбіне қурап тұрады. Егер әлгі канал салынса — қаланың белдеуін гүлге айналдырып, облыстың бес ауданын сумен қамтитын еді. Сол тұста Мәскеуден қарсылықтар көбейді, қаржы табу қол байлады. Осыған қарамай су министрі бастаған мәртебелі топ каналдың нобай-нұсқасын жасады, белді буып, күн демей, түн демей жүріп, канал қазып, Шелек өзенінің Бартогай бөгені арқылы буылған көк толқынды суышылардың қалаға сүйреп жеткізгені тарихи оқиға болды. Үлкен Алматы каналының тұсау кесер рәсімінде, зиялыштық қауым жиналған лента қию дәстүрінде Әбекенің желқақты жүзімен төмен қарай жүлгелей акқан бір тамшы жасты көрдім.

Тамшы жас – жүректің жасы болатын. Елге, жерге деген азаматтың айтуы жоқ жүрек лұппалі сол еді!

Қайран, Әбекен асыл аға еді.

Қасиетті қаламды сияға малып отырғанда, шыны керек, қылыштың ойларға шоматының рас. Қазақ құдайдан баланы не үшін тілейді?! Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі дейді! Әкесін ешкім жанына байлап жүрмейді. Әкенің жоқшысы болу – жарық дүниедегі ең иманды шаруа, ізгілікті іс, ізбасарлық. Әбекенің ұл перзенті Нәбидің шығарған қалың естелік кітабы, мұндағы қанаттас, қарулас зиялыштардың жүрек тебірентерлік әңгімесі – әкеге қойылған шын ескерткіш. Эрине жақсы кітап шығару онай емес. Естелік иелерінің мазасын алып, ұйқысын бөліп, қолға түскен мақалаларды електен өткізіп, уақыт сынына төтеп беретіндегі маңызын алып, жүйеге келтіріп, қаржы тауып, кітап қылышп, мындаған оқырманға жеткізу – жүректілік! Құдайдан тілеп алған баланың барақатты шаруасы осындай-ақ болар. Асыл ағамыз елге қызмет етумен қатар отбасына да үлкен шапағат сеуіп, жүрек жылуын мол сіңіріпті. Сол жылудан, сол мейірімнен көктеп өніп шыққан асыл дәні – Әбекенің ұлы Нәби Тыныбаев, осы перзенттің тындырымды ісі дер едім.